



**«ЕЖЕЛГІ ЖӘНЕ ОРТАҒАСЫРЛАРДАҒЫ
МӘДЕНИ БАЙЛАНЫСТАР:
ЖАҢА ЗЕРТТЕУЛЕР МЕН
АШЫЛЫМДАР» тақырыбында
белгілі ғалым, археолог, педагог,
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Археология, этнология және музеология
кафедрасының негізін салушы
Әбдіманап Медеуұлы Оразбаевтың
100 жылдығына арналған дәстүрлі
«XIV Оразбаев оқулары»
халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ**

28–29 қазан, 2022 жыл



**PROCEEDINGS
of International Scientific and Methodical Conference
«XIV Orazbayev Readings» on the theme
«INTERCULTURAL CONTACTS
IN ANTIQUITY AND THE MIDDLE AGES:
NEW RESEARCH AND DISCOVERIES»,
dedicated to the 100th anniversary
of the birth of the famous scientist,
archaeologist, teacher,
founder of the Department of Archeology,
Ethnology and Museology
of the Al-Farabi Kazakh National University –
Abdumanap Orazbayev**

28–29 october, 2022



ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ОРТАЛЫҚ МУЗЕЙІ
«ТАҢБАЛЫ» ТАРИХИ-МӘДЕНИ ЖӘНЕ ТАБИҒИ МЕМЛЕКЕТТІК ҚОРЫҚ-МУЗЕЙІ



**«ЕЖЕЛГІ ЖӘНЕ ОРТАҒАСЫРЛАРДАҒЫ МӘДЕНИ БАЙЛАНЫСТАР:
ЖАҢА ЗЕРТТЕУЛЕР МЕН АШЫЛЫМДАР»** тақырыбында белгілі ғалым, археолог, педагог,
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Археология, этнология және музееология
кафедрасының негізін салушы Әбдіманап Медеуұлы Оразбаевтың 100 жылдығына
арналған дәстүрлі «XIV Оразбаев оқулары» халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ

28–29 қазан, 2022 жыл

PROCEEDINGS
of International Scientific and Methodical Conference
«XIV Orazbayev Readings» on the theme
«INTERCULTURAL CONTACTS IN ANTIQUITY AND THE MIDDLE AGES: NEW RESEARCH AND
DISCOVERIES», dedicated to the 100th anniversary of the birth of the famous scientist,
archaeologist, teacher, founder of the Department of Archeology, Ethnology and Museology of the
Al-Farabi Kazakh National University –
Abdumanap Orazbayev

28–29 october, 2022

Алматы
«Қазақ университеті»
2022

УДК 902/904 (5)
ББК 63.4 (5)
О-72

Редакция алқасының төрағасы

Ж.Қ. Түймебаев – филология ғылымдарының докторы
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма төрағасы-ректоры

Редакциялық алқа:

Х.С. Тасыбеков – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма мүшесі – Ғылыми-инновациялық қызмет жөніндегі проректор; **Р.Е. Харипова** – Қазақстан Республикасы Мемлекеттік орталық музейінің директоры; **М.О. Амиргалиев** – «Таңбалы» тарихи-мәдени және табиғи мемлекеттік қорық-музейінің директоры; **Д.С. Байгунаков** – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың тарих факультетінің деканы; **Ә.Т. Төлеубаев** – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың «Археология және антропология» ҒЗИ директоры.

Жауапты редактор

Р.С. Жуматаев – PhD, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
археология, этнология және музеология кафедрасының меңгерушісі

Құрастырушы

Б.Б. Бесетаев

«Орталық Азияның ежелгі және дәстүрлі қоғамдарының тарихи-мәдени мұрасы: жаңа ашылымдар мен пәнаралық зерттеулер» атты «XIV Оразбаев оқулары» халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция материалдары / Жауапты ред. Р.С. Жуматаев. – Алматы: Қазақ университеті, 2022. – 212 б.

ISBN 978-601-04-6065-2

«XIV Оразбаев оқулары» халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция материалдарының жинағына Қазақстан және іргелес өңірлердің археологиясы мен этнологиясының, музей ісінің бүгінгі күнгі өзекті мәселелеріне арналған зерттеулер енген. Материалдар жинағы археологтарға, этнологтарға, тарихшыларға және қалың көпшілікке арналған.

© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2022

ISBN 978-601-04-6065-2

К.Б. Sikhymbaeva
Odontological characteristics of the grave of Edyrei

Abstract. Archaeologist A. Z. Bisenov conducted archaeological excavations in Karkaraly District of Karaganda region in 2006. In the course of the work, skeletal remains of a man were found in the Tomb of Yedirei. Historical chronology of the early Iron Age VII-VI centuries. It belongs to the interval. A special feature of anthropological materials is the large size of the skull and skeletal bones, which were subjected to X-ray analysis to determine the pathological causes. The results of X-ray studies suggest that the presence of a tumor in the pituitary gland, as a result of which the bones can be exposed to such a condition, is noted. Therefore, no craniological studies were carried out. And odontological materials were not subject to any pathologies. Dimensional definitions of teeth do not deviate from the value of a constant size. Things are well preserved. According to odontological definitions of great taxonomic importance, the anthropological image of a person found in this grave belongs to the "Western" odontological complex. It is also found in elements of the "eastern" direction. In particular, we can say about the shape of the upper secondary teeth, the five-pointed shape of the lower secondary teeth, the indicators of the enamel groove of 4-5 points in the upper and lower secondary teeth. In addition, as a result of typological comparison, the similarity of the person buried in the yedirei grave with the materials of Tasmola, Korgantas, Chirk-Rabat, Dalverzintepе is noted. The results of odontological studies indicate that the process of intervention (mestisation) took place on the territory of central Kazakhstan in the early Iron Age.

А.А. Бисембаев, Ш. Сарсенов, А.Б. Уразова
*Ә.Х. Марғұлан ат. Археология институты,
К.Жұбанова ат. АӨУ,
Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейі
Ақтөбе қ., Қазақстан
e-mail: abissembaev@mail.ru*

ЖАЙЫҚТЫҢ ОҢ ЖАҒАЛАУЫНДАҒЫ БІРЛІК I САРМАТ ҚОРҒАНЫ

2019 жылдың маусым айының басында біріккен топтың күшімен Бірлік I (Кузнецово) қорғанының қазба жұмыстары басталды. Қорған Бірлік ауылынан солтүстік-шығысқа қарай 1,5 шақырым жерде Дерқұл өзені бағытында солтүстіктен оңтүстікке қарай созылып жатқан ұзынша мүйіс үстінде орналасқан.

Қорған мүйістің бетінде қауырсынды шөптер шоғыры мен шығыңқы ұсақ тастармен анық ерекшеленді. Қорған орналасқан мүйіс солтүстікке қарай бірте-бірте кеңейеді. Нысанға ең жақын басқа қорған солтүстікке қарай 100 метр жерде орналасқан. Оның үйіндісінің құрамында да тастар кездеседі. Нысаннан оңтүстікке қарай 150 метр қашықтықта жоғары вольтты электр желісі және Бірлік (бұрынғы Кузнецово) ауылы мен аудан орталығы Тасқала (бұрынғы Каменка) елді мекенін байланыстыратын дала жолы өтіп жатыр.

Нысанды зерттеу жұмыстарының барысында тас құрылымның элементтерін сақтау шаралары жүргізілді. Сондықтан бастапқыда өсімдік жабыны бар топырақтың жоғарғы қабаты алынып тасталды. Диаметрі шамамен 10 метр және биіктігі шамамен 0,3 метр болатын қорған батыстан шығысқа қарай созылып үйілген, сопақша тәрізді дөңгелек пішінге ие. Солтүстік-шығыс секторда қазіргі кезеңдегі құрылыс және тұрмыстық қажеттіліктерге тасты қазып алу жұмыстарының нәтижесінде пайда болған сопақ шұңқыр байқалды. Шұңқырдың пішіні сопақша, СШ - ОБ бағытымен орналасқан, өлшемі шамамен 2 x 1,5 метр.

Қорғанның шеткі жағынан ені бір метрге жуық айнала траншея қазылып, оның ішінен тас конструкцияның орталық бөлігінен құлап қалған ұсақ тастар анықталды. Қорған бетіндегі гумус қабаты болмашы аз - 5-тен 7 см-ге дейін. Дөңгелек айналма траншеяның тереңдігі секторлар бойынша материк қабатына дейін жеткізіліп, 20-дан 30 см-ге құрады. Материк қабаты ұсақ қиыршық тастар мен қоңыр саздан тұрады.

Қорғанның және айналма дөңгелек траншеяның барлық бетін тазартқаннан кейін тастардың күрделі құрылымдық элементтерді құрамайтындығы анықталды. Тас құрылымды кейін қайта тазалау барысында үлкен тастардан жасалған схемалық тас сақинаның бар екендігін көрсетті. Үлкен тастардан жасалған «шеңбер» диаметрі шамамен 7,5 метр.

Қорғанды зерттеу кезінде С - О және Б-Ш бағыттарымен ені 0,5 метр болатын стратиграфиялық қималар (бровка) қалдырылды. Ұсақ тастардың тығыз орналасуына байланысты стратиграфиялық қималардың жиектерін тегіс шығару мүмкін болмады. Тас жабынның өзі ұсақ қиыршық тастан жасалған. Тастардың орташа өлшемі 10 x 10 см. Өлшемдері шамамен 50 x 30 см болатын шеңберде орналасқан үлкен тастар схемалық шеңберді құрайды. Қорғанды тазарту жұмыстарынан кейін толық фотофиксация жүзеге асырылды. Сонымен қатар, қорған квадрокоптер арқылы әртүрлі биіктіктен және әртүрлі бұрыштардан фотоға түсірілді.

Стратиграфиялық қималарға сәйкес көмілген топырақ қабаты қазылып алынған, тастардың астына материктік топырақтың аздап қосылғандығы байқалады. Жерлеу ғұрпының, қабір шұңқырының айналасындағы жерлеу орнының негізгі элементтері осындай түрде жасалған.

Бастапқыда қабір шұңқырының кішігірім орны солтүстік-шығыс сектордан байқалды. Ол С-О сызығы бойымен созылып орналасқан, дұрыс емес сопақ пішінге ие болды. 50-60 см тереңдікке дейін ол қабір бетінен құлаған тастармен бітелген. Қабір шұңқырын ары қарай тазарту кезінде оның жалпы контурлары анықталып, солтүстік-оңтүстік бағыты бойынша созылып орналасқандығы белгілі болды. Ұзындығы шамамен 5 м 30 см, ортаңғы бөлігіндегі максималды ені 2 м 70 см. Жерленген адам сүйектерінің қалдықтары қабірдің ортаңғы бөлігінде Б – Ш бағытымен, басы негізінен батысқа қарай, бірақ аздап оңтүстікке қарай бағыттанып орналастырылған. Бас сүйегі нашар сақталған. Сол аяқтың сүйектері, сол қолдың шынтақ сүйегі жартылай сақталған. Қалған сүйектер нашар сақталған. Адамның қаңқа сүйегі мүмкін киізден жасалған ақшыл-сұр органикалық төсеніште орналасқан (сурет 1 – 1,2).

Жерленген аламның бас сүйегінің сол жағында диаметрі 11 см, артқы жағында ілмек тәрізді тұтқасы бар дөңгелек қола айна орналасқан. Айнаның ою-өрнек композицияларының сыртқы белгілері, ішкі немесе сыртқы жиектерінің жақтары жоқ. Ілмектің биіктігі-1,2 см (сурет 1 - 3). Оның қасынан ашық қызыл реальгардың екі бөлігі анықталды. Сол жақ иық деңгейінде ұзындығы 19,5 см, максималды ені 8,5 см, биіктігі 16,3 см құрайтын ашық қоңыр құмтастан жасалған тас құрбандық табылды. Тас құрбандықтың бір жағында екі ұзын ойықтар жасалған (сурет 1 - 4).

Жерлеу рәсімінің ерекшеліктеріне қайта оралып, оның маңызды белгілерін атап өткен жөн. Қабір шұңқырының солтүстік тар бөлігінде диаметрі бір метрге жуық дөңгелек пішінді үлкен тас болды. Жер бетінде қабір шұңқырының жалпы контуры байқалмады. Осылайша, бұл жерде ұзын катакомбалық жерлеу орнының болғандығы жөнінде айтуға болады. Оның солтүстік кіреберіс жерін жауып тұру үшін үлкен тас қойылған. Оңтүстік, кең жағында тар және аласа, тегіс баспалдақтың қалдықтары, сондай-ақ біршама тереңірек кіреберіс бар. Бұл жағдайда қаңқаның солтүстік жағынан жалпы тереңдігі 2,5 м-ден асатын терең қуыстың не үшін жасалғандығы түсініксіз. Бірақ, қабір шұңқырының екі кіреберісі – оңтүстік пен солтүстік жағынан анық көрінеді және ортаңғы бөлігінде, адам сүйегінің үстінде жерасты кеңістігі бар.

Осылайша, бұл ескерткіштің маңызды хроно-мәдени белгілеріне ерекше жерлеу рәсімі, құрбандық тас, дөңгелек қола айна және реалгар түріндегі бұйымдар жиынтығы жатады.

Катакомбалық қабірлер түріндегі жерлеу камерасына ұқсас нысандарды мұндай ескерткіштер кең таралған (I мыңжылдықтың ортасы – екінші жартысы) Оңтүстік Орал маңы аумағынан іздеу қажет. Қарастырылып отырған нысанға Новопавловка қорымындағы №7 қорғанның 3 қабірі (Железчиков, Кригер, 1978, б.225-228) мен Лебедевка VI қорымындағы №25 қорғанның 1- қабірі (Железчиков, 1992, б.85-93) пішіні жағынан өте ұқсас. Бұл ескерткіштерді зерттеуші б. з. д. IV-III ғасырларға жатқызған. Алайда, ол Оңтүстік Орал маңындағы сармат дәуірі тұрғындарының арасында камералық қабірлердің шығу тегін Оңтүстік Арал маңындағы аумақпен байланыстырады (Железчиков, 1992, б.92-93; Вишневская, 1973, б.8-59).

Жоғарыда келтірілген мәліметтерге сүйене отырып, Бірлік I қорғанының пайда болу уақытын б.з.д. V-IV ғғ. аяғымен мерзімдеуге болады. Өйткені инвентарлық бұйымдарда б.з.д. IV-III ғғ. дейінгі ерте кезеңге жататын белгілі бір «архаикалық» ерекшеліктер сақталған.

Б.з.д. VI-IV ғғ. хронологиялық бөлігінде, әсіресе IV ғасыр кезінде, мәдени өзгерістердің индикаторы саналатын жерлеу ғұрпындағы елеулі өзгерістер орын алады. Сол себепті бұл кезеңге жататын ескерткіштерді жергілікті шағын аудандар бойынша кешенді түрде зерттеу мәселесі өзектілікке ие болады. Аталған шағын ауданда, Жайық өзенінің орта-төменгі ағысындағы


бассейнде ескерткіштерді одан әрі анықтау жұмыстарын жалғастырып, б.з.д. IV ғасырдағы тарихи оқиғалардың көптеген сәттерін түсінуге мүмкіндік беретін "реперлік" ескерткіштерді іздеу қажет.

Әдебиеттер тізімі

Вишневская О.А. Культура сакских племен низовьев Сыр-Дарьи в VII – Vвв.до н.э. По материалам Уйгарака // Труды ХАЭЭ, Т.VIII. – М., 1973. -160б.

Железчиков Б.Ф., Кригер В.А. Катакомбные захоронения Уральской области // Советская археология. №4, 1978. Б.218-228.

Железчиков Б.Ф. Погребения IV века до н.э. из Южного Приуралья и вопрос о времени появления дромосных могил // Хронология памятников сарматской культуры. – Саратов, 1992. Б.85-93.



1. Бірлік I қорғанындағы тас құрылымның жалпы көрінісі; 2. Бірлік I қорғанының қабір шұңқыры; 3. Қола айна. Бірлік I. Суреттеме.; 4. Құрбандық тас. Бірлік I. Суреттеме.

BIRLIK I SARMATIAN MOUND ON THE RIGHT BANK OF THE URALS

In this article starting from Birlik village to North-East 1.5 km distance situated Birkik I burial mound materials are considered. The place of burial mound is located in North-South direction, with two entries and made as long catacomb's grave. It's South entry is closed with stones. From Birlik I burial mound the sacrificial stone, round bronze mirror, subjects like realgar are determined. It is necessary to set a deadline to Birlik I from V-VI BC centuries.

МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ

ҰСТАЗ ЖАЙЛЫ БІРЕР СЫР	3
Толеубаев Ә. Әбдіманап Оразбаевтың менің өмірім мен ғылымымдағы тағлымы.....	3
Омаров Ғ.Қ. Ұстаз туралы үзік сыр.....	8

АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР ХАҚЫНДА

Елеуов М., Талеев Д., Есен С., Құрманязов И., Молдахмет А. Қышқала қалажұртында 2022 ж. жүргізілген қазба жұмыстары.....	13
Дашковский П.К. Предметы вооружения скифо-сакской эпохи из кургана № 30 могильника Ханкаринский дол (Алтай).....	17
Ақымбек Е.Ш., Шағырбаев М.С., Нұрғали Н.Б. Ортағасырлық Арна төрткүлі (2021 ж. жүргізілген зерттеулер бойынша).....	22
Үмітқалиев Ұ.Ұ. Шыңғыстаудағы Қырыққүңгір кешенді археологиялық ескерткіші.....	44
Сабденова Г.Е., Байгунаков Д.С. Ботай мәдениетінің әлеуметтік құрылымы мен діни-мифологиялық кешендері.....	51
Кепин Д.В., Титова Е.Н. Вклад М.И. Гладких в развитие археологического памятниковедения Украины.....	54
Ямаева Е.Е. Тамбовый знак «перстол» <i>ширее</i> на наскальном рисунке из бичикту-боом: в контексте интерпретации батальной сцены с участием фигур в «трехрогих» головных уборах.....	62
Бегалиев О. Арал маңының археологиялық мұралары: тарихи- мәдени зерттелуі.....	64
Елеуов М., Молдахмет А. 2021 жылы Қышқалада жүргізілген кесік қазба.....	68
Айтқұл Х.А., Құрбанәлі Ж., Қосжанова А.М., Рахымбай Б. «Есік» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығының 2021 ж. далалық зерттеулері.....	70
Сихымбаева К.Б. Едірей моласына одонтологиялық сипаттама.....	80
Бисембаев А.А., Сарсенов Ш., Уразова А.Б. Жайықтың оң жағалауындағы Бірлік I сармат қорғаны.....	85
Бисембаев А.А., Байымбетова Н.Р., Болатова Г.Б. Орта Електің ерте көшпенділер ескерткіштерін зерттеудің кейбір қорытындылары мен перспективалары.....	88
Ганиева А.С., Қунабаева Ш.Д., Рахманкулов Е.А., Кульжанова Б.Т. Опыт графической реконструкции казахского жилища (по археолого-этнографическим материалам).....	91
Ганиева А.С. Ерте темір дәуіріндегі Жетісу өңіріндегі үй құрылысының ежелгі дәстүрлері.....	98
Мусаханова М.З., Мусаханова Ж.М. Археологические коллекции музеев Казахстана.....	103
Сағындықова С.Т., Бесетаев Б.Б., Турсумбекова Р.О. Конское снаряжение и воинский пояс эпохи раннего средневековья из Восточного Казахстана.....	110
Жұмай Г. Талғар қалашығын зерттеушілер (археолог И.И. Копыловтың зерттеулері негізінде).....	116
Шарипов Р.Қ. Таңбалы тарихтан сыр шертеді.....	119
Торежанова Н.Ж., Кулиш А.В. Курган с четырехугольной оградой в урочище Актерек.....	122
Стамқұлова Г. Актерек шатқалында орналасқан петроглифтердің зерттелу тарихы.....	126
Түлегенов Т.Ж. Археологические работы на могильнике Рахат II в полевом сезоне 2019 г.....	130
Мякишева О.А. Типология памятников раннесредневековых тюрок в урочище Актерек.....	135
Абильмаликов К.К., Баянова Ж.К., Курманязов Ы.С. Трепанация черепа в ботайской археологической культуре.....	142
Гурсой М., Сиздинов Б. Мыңтөбе қорымында 2022 жылы жүргізілген археологиялық зерттеу жұмыстарының нәтижелері.....	148

ЭТНОГРАФИЯ ҒЫЛЫМЫНДАҒЫ ЖАҢАШЫЛДЫҚ ЖӘНЕ ДӘСТҮР

Болсынбек Т. Қазақ тұрмысындағы шам түрлері.....	158
Қыстаубаева А.К. XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басында Қазақстандағы жәрмеңкелік сауда (фотоқұжаттар материалдары негізінде).....	162
Ибраева Л.К. Орталық Мемлекет музейінде ағаш,тері, сүйек қорының қалыптасу тарихы.....	169
Джолдыбаева У.М. Қазақстанға депортацияланған шешен халқы тарихынан.....	172
Бергенова А.Ж., Нургожина Б.Е. Традиция почитания казахских святых на территории современного Узбекистана на примере религиозно-культурного комплекса Сузук-Ота, г. Ташкент.....	177

Козгамбаева Г.С. Қазақстанға депортацияланған халықтардың күнделікті өмірі, Сталин дәуірінің шындықтарының бірі ретінде (XX ғ. 30-50 жж.).....	181
Қалыш А.Б., Аққалиева А.Ш. Қазақ қоғамындағы қыз «Алып қашуға» байланысты мәселелер.....	185

ЖАС ҒАЛЫМДАР МІНБЕСІ

Каримбаева З.Р. Гривна – нашейное украшение на территории Казахстана и Якутии.....	188
Сеитов Е.К. Исследование поселений бронзового века на реке Чаглинка (Шагалалы).....	190
Меделбек Ш. Погребальный инвентарь хунно-сяньбийского времени на могильнике Берел.....	195
Половцев М. Особенности погребального обряда на некрополе Берел в хунно-сяньбийское время...	199
Болатбекқызы С. Қазақ даласындағы қоныстардың қола дәуірінен XX ғасырға дейінгі архитектурасы.....	205